

КСРО Жоғарғы Соты Пленумының "Сот үкімі туралы" 1969-жылғы 30-маусымдағы N 4 қаулысын Республика соттарының орындауы туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1985 жылғы 12 сәуір N 2, Пленумның 1996-жылғы 20-желтоқсандағы N 11 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен бірге. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2002.08.15. N 19 қаулысымен. ~P02019s.

Сот үкімдерін шығару тәжірибесін зерттеудің нәтижелерін талқылай келе, Пленум қылмыстық істерді қараудың сапасын арттыруда республика соттарының нақты жұмыстар жүргізгенін және заң және КСРО Жоғарғы Соты Пленумының "Сот үкімі туралы" 1969-жылғы 30-маусымдағы қаулысы талаптарын негізінен қатаң сақтай отырып, үкім шығарып отырғанын атап көрсетеді.

Соған қарамастан жеке істер бойынша үкім шығарған кезде заңды бұрмалауға жол берілетіні, Пленумның басшылыққа алынуға тиісті түсіндірмелерін қолдануда оның орындала бермейтіні кассациялық және қадағалау тәжірибесін зерттеп, қорыту материалдарынан көрініп отыр.

Сотталушыны ақтайтын әрі бетін ашып беретін істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу, сондай-ақ оның жауаптылығын ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар туралы ҚІЖК-нің 15-бабының талаптарын соттар үнемі сақтай бермейді.

Үкімнің кіріспе, баяндау және қорытындылау бөліктерінің мазмұны туралы заң талаптары әркез орындала бермейді, істің мән-жайын, айыпты ойының ниеті мен бағытын, қылмыстың мақсаты мен дәлелді себептерін, басқа да елеулі мән-жайларды баяндау олардың кейбіреулерінен толық көрінісін таппайды. Қолда бар дәлелдерге барлық жағдайда қажетті талдау жасалмайды, оған баға беруде және айыптың дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы сот қорытындысын тұжырымдағанда қателіктер жіберіледі. Бірнеше қылмыс жасағаны үшін сотталушы айыпталған істер бойынша да үкім шығарғанда сот айыптың әрқайсысы бойынша және сотталушының әрқайсысына қатысты дәлелдерге әркез талдау жасамайды.

Жазаның түрі мен мөлшерін тағайындаған кезде соттар жазаны жеке-жеке айырып алу принципін әлі де болса бұрмалап келеді, жасалған қылмыстың, айыптының жеке басының қоғамға қаншалықты қауіпті екендігі сипаты мен деңгейін ескермейді. Үкімде қандай да бір жаза шараларын таңдап алудың дәлелдері әркез көрсетілмейді. Бірнеше қылмыс жасаған айыпты деп танылған

адамға қосымша жаза әр қылмысы үшін бөлек емес, тек оның жиынтығы бойынша беріледі. Пайдақорлық қылмысымен айыпталған адамға кейде мүлкін тәркілеу, белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір кәсіппен айналысу құқығынан айыру секілді қосымша жаза қолдану мәселесі қаралмай қалып қояды.

Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Республика соттарының назары үкім шығарғанда КСРО Жоғарғы Соты Пленумының "Сот үкімі туралы" 1969-жылғы 30-маусымдағы N 4 қаулысында көрсетілген материалдық және іс жүргізу заңының қалыптарын және оны қолдану жөніндегі түсініктерді қатаң сақтау қажеттігіне аударылсын.

2. Соттарға үкімнің тек істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу негізінде шығарылатыны атап көрсетілсін. Онда жасалған, соның ішінде қылмыстың себептері мен мақсаты анықталып, сот таныған, сондай-ақ бұл дәлелдердің негізінде ол қылмыстың орын алған немесе алмағаны негізінде сот бір ұйғарымға келген мән-жайлар толық айтылуға тиіс.

Үкім айқын және түсінікті тілмен жасалуға тиіс, онда бұлғалақ тұжырымдаманы пайдалануға, сөздерді қысқартуға, сондай-ақ қаралған іске қатысы жоқ оқиғаларды тізбелеуге болмайды.

3. ҚІЖК-нің 299-бабына сәйкес, істің басқа да мән-жайларымен қатар жаза тағайындау үшін ерекше мәні бар сотталушының жеке басына қатысты толық мәліметтер, еңбек-түзеу колониясының түрі, сотталушының ерекше қауіпті баукеспе ұры екендігін мойындайтындығы (жасы, туған жері, азаматтығы, сотталғаны, босату негіздері т.б.), үкімнің кіріспе бөлігінде көрсетілуге тиіс екенін соттардың ескергені жөн.

4. Сот мәжілісіндегі зерттелген іс материалдарының оның баяндау бөлігіне сәйкестігі соттың заңды және тиянақты үкім шығару шарттарының бірі екендігін ескеріп, соттың, істің мән-жайларын, дәлелдерді талдап, оған баға берілуін толық баяндауға баса назар аударуы керек. Ондайда сот мәжілісінде қаралған барлық дәлелдерге үкімде баға берілуге тиіс екенін де естен шығармау қажет.

5. Қылмыстық кодекстің белгілі бір немесе басқа да бабы, оның бөлігі немесе тармағы бойынша қылмысты саралау туралы сот үкімінің қорытындысы дәлелді болуы қажеттігіне соттардың назары аударылсын. Үкім бірнеше сотталушыға шығарылған немесе сотталушы бірнеше қылмысы үшін айыпталған жағдайда, сот әрбір сотталушыға және әр қылмысқа қатысы бар қылмысты саралауды қамтамасыз етуге тиіс.

6. Соттардың үкімде жаза тағайындау дәлелдерін келтіру туралы заң талаптарын қатаң сақтауы қажет. Шартты соттаудың, жасалған қылмыс үшін заңда көрсетілген жаза тағайындаудың төменнен де төмен шегін қолданудың, басқа да неғұрлым жеңіл жазаға көшудің, жазадан босатудың, жалпы

ережелерден ауытқып, еңбек-түзеу колониясын тағайындаудың барлық жағдайында сот үкімінің баяндау бөлігінде қабылданған шешімнің дәлелдерін көрсетуі тиіс.

Егер заңның қолдануға болатын жазалау шараларында бас бостандығынан айыру ғана емес, басқаларына да жеңілірек жаза шарасын тағайындау мүмкіндігі көрсетілген болса, соның негізінде соттың дәл сол бас бостандығынан айыруға шешім шығаруының дәлелдерін үкімнің баяндау бөлігінде көрсеткені жөн.

7. Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігіндегі әртүрлі баптарда көрсетілген бірнеше қылмысты жасаған адам айыбын мойындағанда, негізгісі секілді қосымша жазаның алдымен біреуіне немесе бірнеше қылмыс үшін бөлек, содан соң олардың жиынтығы бойынша тағайындалатынын соттардың ескергені жөн.

8. Үкім шығарған кезде соттардың азаматтық талап арызды, айғақты дәлелдер тағдырын шешуге, сондай-ақ сот шығындарын бөлістіруге және мемлекеттік баж салығын өндіруге қатысы бар ҚІЖК-нің 301-бабының талаптарын қатаң орындауы қажет.

9. Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы,

облыстық және Алматы қалалық соттары материалдық және іс жүргізу заңы үкімдерін шығарған және КСРО Жоғарғы Соты Пленумының "Сот үкімі туралы"

1969-жылғы 30-маусымдағы N 4 қаулысын орындаған кезде соттардың оның дұрыс қолданылуы үшін қадағалауды күшейтуі тиіс. Істі кассациялық және қадағалау тәртібімен қараған кезде қателіктер түзетілетін, үкімді бұзу мен өзгертудің себептері талданатын, олардың жою шаралары қолданылатын болсын.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.